


# МОНОГРАФИЯНЫ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ



Pdf материалды дайындаған:  
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының 2-курс  
магистранты Елеусызбаева Н.  
Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, доцент Жамашев А.Ш.

Алматы, 2023



Сілтеме беру үшін:

Жамашев А., Мажен Е., Жомарт Д. *Темірқазық* (Қазақ жеріндегі ислам дінінің өткені мен бүгіні): монография. Алматы. 2023. 672 б.

# Авторлары:



**Жамашев Азамат Шотбайұлы – PhD**

доктор, доцент

**Мажен Ернар Қалмаханұлы – докторант,**

оқытушы

**Дорбетхан Жомарт – «Шымкент медресе-колледжінің ұстазы**



# Монографияның сипаттамасы

---

Еңбекте сан ғасырлық тарихты қамтыған қазақ жеріне ислам дінінің таралуы Алла елшісіне ﷺ пайғамбарлық міндет жүктелгеннен бастап ХІХ ғасырға дейінгі кезеңдер баяндалады.

Пайғамбар дәуірінен бастап қазақ жеріне қоныс тепкен халықтардың ислам дінін қабылдауымен қатар сахабалар мен халифалар кезеңдерін қамтып, Ұлы Дала төсінде құрылған мемлекеттердің тарихы, ұстанған діндері, олардың исламды қабылдауына түрткі болған оқиғалар, жорықтар, мешіт-медреселердің салынып ғылым мен білімнің дамуы егжей-тегжейлі зерделенеді.

Қазақ халқы мемлекет болып құрылғаннан бастап күнімізге дейінгі ахуалы мен оған әсер еткен тарихи және саяси оқиғалар да сөз етіледі.

Оқырманға түсінікті болуы үшін әрбір кезең картада бейнеленген.







# Кітаптың мақсаты

---

ЗЕРТТЕУШІ  
ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖАЗБА  
ЕҢБЕКТЕРІНЕН ОРТАЛЫҚ  
АЗИЯҒА ИСЛАМ ДІНІНІҢ КЕЛУІ  
ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТІ ЖЕТКІЗУ,  
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНА ИСЛАМ  
ДІНІНІҢ КЕЛУІ ТАРИХЫН КЕЗЕҢ  
КЕЗЕҢДЕРГЕ БӨЛІП ТҮСІНДІРУ

---



# Кітаптың міндеттері

---

1

Пайғамбар және халифалар тұсында Ислам дінінің Орта Азияға таралуы;

2

Умәуи және Абаси аулеттерінің кезінде Орта Азияға ислам дінінің келуі;

3

Орта Азия аймағында мекен еткен түркі халықтарының жағдайын баяндау;

4

Қазақ хандығынан ғасырымызға дейін қазақ халқының діни жағдайын түсіндіру.



# Қысқаша мазмұны

---

- |   |                          |
|---|--------------------------|
| Алғы сөз  | IX. Ихшидилер            |
| Кіріспе   | X. Қарахан мемлекеті     |
| I. Сасанилер мемлекеті  | XI. Ғазнауилер мемлекеті |
| II. Исламға дейінгі түркілердің жағдайы   | XII. Селжұқ мемлекеті    |
| III. Хазіреті Пайғамбарымыз <small>صلی اللہ علیہ وسلم</small> және төрт халифа дәуіріндегі түркілер | XIII. Ақ Орда            |
| IV. Үмәуи халифалығы тұсында түркілер   | XIV. Көк Орда            |
| V. Аббаси халифалығы тұсында түркілер   | XV. Алтын Орда           |
| VI. Хазар қағанаты  | XVI. Осман халифаты      |
| VII. Саманилер мемлекеті  | XVII. Караман әулеті     |
| VIII. Тулун әулеті  | XVIII. Әбілхайыр хандығы |
|   | XIX. Қазақ хандығы       |
|   | Қорытынды                |
|   | Қосымша                  |
|   | Пайдаланылған әдебиеттер |



# Негізгі дереккөздер

---

Зерттеу жұмысы кезінде көптеген ортағасырлық зерттеуші ғалымдардың қазақ даласында жүріп өткен кездегі жазбалары аударылған, олардың көзқарастары келтірілген.

Ислам дінінің таралу тарихы туралы зерттеуші ғалымдардың араб, ағылшын, орыс тілдерінде жазылған еңбектері қазақ тіліне аударылды. Кітап өте құнды пайдаланған әдебиеттерден тұрады. Және әрбір мәліметтің астында негізгі қайнаркөзі берілген.

Барлығы **562** әдебиет қолданылған.





# Монографияның тұсаукесері

3 қазан әл-Фараби кітапханасында «Темірқазық» монографиясының тұсаукесері ұйымдастырылды.

Келелі жиынға дінтану және тарих мамандарынан бөлек әртүрлі университеттердің ұстаздары мен студент-магистранттары қатысты.

Алғысөзді бастаған – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Философия және саясаттану» факультетінің деканы – Мейрбаев Бекжан Берикбайұлы авторларға ерекше алғыс білдіріп, исламтану секілді гуманитарлық ілімдердің болашағы зор екенін атап өтті. Кітаптың мазмұнын талдап, қаламгерлердің жыл сайын кітап жазатын мерейтойы болуын тіледі.

Жиынның модераторы «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының меңгерушісі, профессор Айнұр Дүрбелеңқызы конференция барысында кітаптың ерекшеліктеріне тоқталды. Соның ішінде деректердің мұрағаттардан, әлі ғылыми айналымға түспеген материалдардан алынғанын атап өтті. Себебі, еңбек ірі зерттеу жұмыстарымен, танымал тарихшы, зерттеуші ғалымдардың еңбектерімен және шетел әдебиеттерін аудару арқылы ұсынылған.

Монографияның үшінші рецензенті, филология ғылымдарының кандидаты Рашид Мұхитдинов оған «тарихи оқиғаларға дінтанулық талдау жүргізілген ерен еңбек» деген баға берді. Білдірілген сын-пікірлерге қатысты: «Бұған дейінгі тарихи еңбектердің көбісі европоцентристік көзқарасқа негізделген қайнаркөздерге жүгінсе, бұл еңбектің авторлары көптеген тілде жазылған еңбектерді қолдана отырып, өздерінің дербес дінтанулық сараптамаларын берген», - деп жауап берді. Шынында, монографияны жазу барысында, негізінен, қазақ, орыс, ағылшын, түрік, араб тілдерінде 562 әдебиет қолданылды.

Жиынның логикалық межесі ретінде «Философия және саясаттану» факультетінің деканы – Бекжан Мейрбаев және жазушы – Жұмабай Шаштайұлы салтанатты түрде кітаптың тұсаукесер рәсімін жасады.











<https://www.kaznu.kz/kz/18987/news/one/38295/>



A map of Central Asia and surrounding regions, including Kazakhstan, Uzbekistan, Turkmenistan, Afghanistan, and Pakistan. Major cities like Astana, Karaganda, Semipalatinsk, Aşgabat, Samargand, Dushanbe, Herāt, Kābul, Kandahār, Quetta, Eaisalabad, Peshawar, Karachi, Hyderabad, Jodhpur, Kota, Bhopal, and New Delhi are labeled. The Aral Sea and Lake Balkhash are also shown. A large white circle with a yellow border is overlaid on the map, containing the text 'ҚОРЫТЫНДЫ'.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.с.) уақытынан ғасырымызға дейін ислам діні көптеген тарихи оқиғаларды басынан кешірді. Орта Азия аймағының исламға дейін және исламнан кейін жағдайы ұзақ мерзімді қамтыды.

---

Ислам діні - дала халықтарының өміріне жаңаша бір серпін беріп, өмірлері мен тұрмыс тіршілігі жақсарып, мәдениет, ғылым білімге көңіл бөліп, діни орталықтар мен мешіт-медреселер салынды. Қаншама тарихи кезеңдерді еңсерген ата бабамыз мұсылманшылығын сақтап бүгінгі күнімізге дейін Ислам дінінің мәртебесін асқақтатты.